

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 106 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 маусымда № 3550 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 30 мамырдағы № 107 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 30.05.2024 № 107 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына және "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесіне келісім беру туралы" аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 26 сәуірдегі № II-4 шешіміне сәйкес азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу мақсатында Қызылқоға аудандық әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Әжіғалиевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қантардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы

M. Мұқанов

A. Аққайнанов

2016 жылғы "30" мамыр

Аудандық мәслихат хатшысы

2016 жылғы "30" мамыр

Т. Бейсқали

Аудан әкімдігінің 2016 жылғы "31"

мамырдағы № 106 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының ТІЗБЕСІ

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдары:

аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

мамандар: әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымыдық бөлімшесінің маманы, қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

2. Білім беру саласындағы мамандар лауазымдары:

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы, басшысының орынбасары (басшының әкімшілік-шаруашылық бөлігі мәселелері жөніндегі орынбасарынан басқа);

аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттің (орталық), психологиялық-педагогикалық түзев кабинетінің.

интернаттың, шеберхананың, кітапхананың басшысы (менгерушісі).

мамандар: мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықтағы мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-дефектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), мұғалім-логопед, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы, тәлімгер, тәрбиелеуші, әдіскер (негізгі қызметтер), дене тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтер), музикалық жетекші (негізгі қызметтер), қосымша білім беретін педагог, ұйымдастырушы педагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, зертханашы, психолог, хореограф (негізгі қызметтер), мейірбике (мейіргер), емдәмдік мейірбике, кітапханашы, мәдени ұйымдастырушы, барлық мамандықты дәрігерлер.

3. Мәдениет саласындағы мамандар лауазымдары:

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

кітапхана менгерушісі (басшысы);

мамандар: барлық атаудағы әртістері, библиограф, кітапханашы, редактор (негізгі қызметтер), дирижер, режиссер, мәдени ұйымдастырушы (негізгі

қызметтер), барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), музикалық жетекші , хореограф, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер).

4. Спорт саласындағы мамандар лауазымдары:

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы, басшысының орынбасары (басшының әкімшілік-шаруашылық бөлігі мәселелері жөніндегі орынбасарынан басқа);

аудандық маңызы бар аға жаттықтырушы;
мамандар: әдіскер, жаттықтырушы, (мамандандырылған) медициналық бике/ аға.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК